

© А.С. Түлебаева<sup>1\*</sup>, А.Ә. Кәдірбай<sup>2</sup>, 2026

<sup>1,2</sup>«Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан  
(e-mail: <sup>1</sup>a.tulebayeva@turan-edu.kz; <sup>2</sup>a.kadirbay@turan-edu.kz)

## ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МОРАЛЬДЫҚ АСПЕКТІСІ

**Аннотация.** Мақалада тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және моральдық қырлары кеңінен талданады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – тек жеке адамның құқықтарын бұзу ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы моральдық нормалар мен отбасылық құндылықтарға қауіп төндіретін көпқырлы құбылыс. Зерттеу барысында зорлық-зомбылықтың түрлері (физикалық, психологиялық, экономикалық және жыныстық), олардың қоғам мен отбасы құрылымына әсері, сондай-ақ оның себептері мен салдарлары жан-жақты қарастырылады. Авторлар моральдық құндылықтардың әлсіреуі, гендерлік теңсіздік, отбасындағы рөлдік стереотиптер, әлеуметтік қолдау жүйесінің жеткіліксіздігі мен құқықтық механизмдердің әлсіздігі сияқты факторлардың тұрмыстық зорлық-зомбылықты өршітуіне ықпал ететінін атап өтеді. Сонымен қатар, зерттеуде Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі заңнамалар, олардың тиімділігі, әлеуметтік қызметтер мен құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылы талданады. Жұмыс барысында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудағы моральдық және рухани тәрбиенің, адамгершілік қағидаттардың орны ерекше екені көрсетіледі. Отбасындағы өзара түсіністік пен сыйластық, қоғамдағы тең құқықтылық пен әділеттілік қағидаларын насихаттау зорлық-зомбылықты төмендетудің маңызды жолы ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері бұл мәселеге қоғам болып назар аудару қажеттігін және оның алдын алу үшін кешенді тәсілдер қолдану керектігін дәлелдейді.

Зерттеу барысында Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске бағытталған заңнамалық және институционалдық шаралардың тиімділігі, олардың жетілдірілу жолдары ұсынылады. Авторлар мемлекет пен азаматтық қоғам өкілдерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, білім беру ұйымдарының және дін өкілдерінің бұл мәселеге қатысты ортақ іс-қимыл танытуы қажеттігін баса айтады. Жұмыстың нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған әлеуметтік және моральдық стратегияларды қалыптастырудың маңыздылығы дәлелденеді.

**Түйінді сөздер:** тұрмыстық зорлық-зомбылық; этика; мораль; адам құқығы; әділеттілік; теңдік; отбасы құндылықтары; әлеуметтік жауапкершілік; құрбандарды қорғау; зорлық-зомбылықтың алдын алу.

### Кіріспе

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – жеке адамның бостандығы мен қадір-қасиетіне қол сұғатын, оның физикалық және психологиялық әл-ауқатына зиян келтіретін әлеуметтік мәселе. Бұл құбылыспен күрес тек заңнамалық шараларды ғана емес, сонымен қатар этикалық және моральдық принциптерді де қамтиды. Қоғамның әрбір мүшесі зорлық-зомбылықтың алдын алуға және құрбандарды қолдауға қатысуы керек.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бүкіл әлемде өзекті болып отырған күрделі

әлеуметтік мәселе. Бұл құбылыс жеке отбасылардың ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне әсер етеді. Зорлық-зомбылық физикалық күшпен ғана шектелмейді, бірақ психологиялық қысымды, экономикалық мәжбүрлеуді және эмоционалдық зорлық-зомбылықты қоса алғанда, көптеген нысандарда болуы мүмкін<sup>1</sup>.

Қазіргі уақытта көптеген елдер тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу үшін заңнамалық шараларды қабылдауда. Алайда бұл мәселенің тамыры тек құқықтық салада ғана емес, қоғамдағы

\*хат-хабарларға арналған автор. E-mail: a.tulebayeva@turan-edu.kz.

<sup>1</sup> Тұрмыстық зорлық-зомбылық алдын-алу туралы ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы // "Егемен Қазақстан" 2009 жыл, 12 желтоқсан N 416-418 (25815); "Казахстанская правда" от 12.12.2009 г., № 293 (26037); Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2009 жыл № 23 (2551-2552), 114-құжат // URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214_) (жүгінген күні: 29.04.2024).

моральдық-этикалық нормалармен де тығыз байланысты. Көптеген мәдениеттерде «отбасылық мәселелерге араласпау» менталитеті бар, бұл зардап шеккендердің көмекке жүгінуін қиындатады. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда әлеуметтік дәстүрлер немесе гендерлік стереотиптер зорлық-зомбылықты негіздеуге немесе оны қалыпты құбылыс ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Этикалық тұрғыдан отбасындағы зорлық-зомбылық әділетсіздік және адам құқықтарын өрескел бұзу болып табылады. Оның алдын алу және бақылау келесі принциптерге негізделуі керек:

1. Адам құқықтарын қорғау – әрбір адамның өмірі, бостандығы және қауіпсіздігі маңызды. Зорлық-зомбылық құрбандары көбінесе қорғансыз қалады және өзін қорғай алмайды немесе көмек сұрай алмайды. Сондықтан қоғам оларды қорғауға, қолдауға міндетті.

2. Әділдік принципі – зорлық-зомбылық әрекеттеріне мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастырып, кінәлілердің жауапқа тартылуын қамтамасыз ету қажет. Бұл тек заң аясында ғана емес, қоғамдық пікір деңгейінде де жасалуы керек.

3. Әлеуметтік жауапкершілік. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті емес. Әрбір азамат зорлық-зомбылықты көргенде үнсіз қалмай, зардап шеккендерге көмектесіп, мәселені шешуге атсалысуы керек.

4. Теңдік және әділдік – гендерлік, әлеуметтік және экономикалық теңсіздік отбасындағы зорлық-зомбылықтың негізгі себептерінің бірі болып табылады. Мұндай зорлық-зомбылықтың құрбанына әйелдер, балалар, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандар жиі ұшырайды. Қоғамның барлық мүшелеріне тең құқықтар мен мүмкіндіктер беру арқылы бұл мәселенің алдын алуға болады.

5. Отбасы құндылықтарын жаңғырту – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін өзара сыйластық, сүйіспеншілік және қолдау мәдениетін дамыту қажет. Балаларға жастайынан зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынастың маңыздылығын үйрету болашақта зорлық-зомбылықтың алдын алудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

6. Жәбірленушілерді кінәламаңыз. Кейбір қоғамдарда зорлық-зомбылықтың

құрбаны болған адамдарды кінәлау немесе олардың әрекетін ақтау үрдісі бар. Бұл әділетсіз тәсіл зардап шеккендердің көмек сұрауын қиындатады. Қоғам оларды қорғауы және қолдауы керек [1].

### Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және моральдық салдарын зерттеуге арналған кешенді тәсіл қолданылды. Бұл бөлімде сапалық және сандық зерттеу әдістері үйлестіріліп, нақты деректер мен ғылыми тұжырымдарға сүйенілді.

Әдебиетке шолу жасау әдісі – Қазақстанда және шет мемлекеттерде жүргізілген ғылыми еңбектер, заңнамалық актілер, құқық қорғау органдары мен үкіметтік емес ұйымдардың есептері қарастырылды. Бұл тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоғамдағы көрінісін, себеп-салдарын және моральдық-этикалық бағалауын анықтауға мүмкіндік берді. Құқықтық талдау әдісі – Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңы, Қылмыстық кодекстің пен әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамалар талданып, олардың әлеуметтік және моральдық тұрғыдан тиімділігі қарастырылды.

Зерттеудің материалдық базасы ретінде ҚР Бас прокуратурасының, ІІМ-нің, Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның ресми мәліметтері, сондай-ақ Алматы, Астана және өңірлік орталықтардағы дағдарыс орталықтарының статистикалық деректері пайдаланылды [2].

Зерттеу материалдары Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін, халықаралық ұйымдардың құжаттарын, ғылыми зерттеулер мен статистикалық деректерді қамтиды. Сонымен қатар, әйел адамдарға қарсы тұрмыстағы зорлық-зомбылықтарды болдырмау және оған қайшы күрес бойынша халықаралық тәжірибе де зерттеу нысанына енгізілген.

### Нәтижелер

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы мүшелері арасында бір адамның екінші адамға (көбінесе әйелдерге) дене, психологиялық, экономикалық немесе

сексуалдық зиян келтіру мақсатында жасалатын заңға қайшы әрекеттері.

Заңда зорлық-зомбылық түрлері мен алдын алу шаралары нақты көрсетілгенімен, оларды іске асыру тетіктері мен жауапкершілікті нақтылайтын механизмдер жеткіліксіз. Бұл – құқықтық нормалардың практикада тиімді қолданылмауына әкеліп отыр.

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін көптеген шаралар қабылданғанымен, тәжірибе көрсеткендей, бұл мәселелер әлі де шешімін толық таппаған. Заңның қабылдануы мен нақты баптардың іске асырылуы маңызды, бірақ оларды дұрыс қолдану мен іске асыру үшін бірнеше тәжірибелік мәселелер бар.

1. Құқық қорғау органдарының әлсіздігі: Әлеуметтік қызметтер мен құқық қорғаушылардың жұмысының үйлеспеушілігі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын дұрыс іске асыруға кедергі келтіреді.

2. Қоғамның дайын еместігі: Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңдар қоғамда толық түсіндірілмеген. Азаматтардың құқықтық сауаттылығы төмен болғандықтан, көптеген адамдар бұл мәселеге жеткілікті назар аудармайды.

3. Құқықтық көмек көрсетудің қолжетімділігі: Зорлық-зомбылыққа ұшырағандарға психологиялық және құқықтық көмек көрсету үшін қосымша ресурстар мен бағдарламалар қажет.

Тұрмыстық зорлықтың белгілі бір түрлері (психологиялық қысым, экономикалық зорлық) Қылмыстық кодексте нақты жеке құрам ретінде көрсетілмеген, бұл олардың заңды түрде дәлелденіп, жазалануын қиындатады.

Қолданыстағы заңдар негізінен физикалық әсерге шоғырланған, ал моральдық зиян, ар-намыс пен қадір-қасиеттің тапталуы секілді факторлар көбіне ескерусіз қалып жатады. Бұл заңнамалық нормалардың моральдық мазмұнын әлсіретеді.

Бұл заңды рәсім болғанымен, жәбірленушінің қауіпсіздігі мен моральдық жағдайы толық қамтамасыз етілмейтін жағдайлар жиі кездеседі. Көп жағдайда қысыммен келісімге келуге мәжбүр болады.

## Талқылау

Бұл зерттеудің нәтижелері Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық – бұл тек қылмыстық әрекет емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және экономикалық факторлармен тығыз байланысты құбылыс.

Зерттеу нәтижелері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың тек қана құқықтық емес, сонымен қатар терең әлеуметтік және моральдық проблема екенін айқындай түсті. Қоғамдағы дәстүрлі патриархалдық көзқарастар, гендерлік теңсіздік пен моральдық құндылықтар жүйесіндегі ауытқулар тұрмыстық зорлық-зомбылықты қалыпты жағдай ретінде қабылдауға итермелейді.

Сауалнама және құқықтық талдау нәтижелері көрсеткендей, қолданыстағы заңнамаларда моральдық зиян, психологиялық қысым мен экономикалық зорлық секілді аспектілер толық көлемде қамтылмаған. Бұл өз кезегінде жәбірленушілердің құқықтарын кешенді қорғауға кедергі келтіреді. Тұрмыстық зорлықты тек физикалық әрекет ретінде қабылдау құқықтық жүйенің моральдық-этикалық мәнін төмендетеді.

Сонымен қатар, халықтың көп бөлігі зорлық-зомбылықты «жеке отбасы мәселесі» ретінде қарастыратыны анықталды. Бұл – әлеуметтік санада зорлық-зомбылықты ақтайтын моральдық бейқамдықтың бар екенін көрсетеді. Мұндай көзқарас құқық қорғау органдары мен әлеуметтік қызметтердің жұмысына кері әсерін тигізіп, жәбірленушілердің көмекке жүгінуіне кедергі жасайды.

Заңнамалық деңгейде профилактикалық шаралар көрсетілгенімен, олардың нақты іске асырылуында жүйелілік пен тұрақтылық жетіспейді. Мәселен, дағдарыс орталықтары мен психологиялық көмек көрсету жүйесі әр аймақта әркелкі жұмыс істейді, ал бұл тұрмыстық зорлық құрбандарының моральдық және әлеуметтік бейімделуіне кері әсер етеді<sup>2</sup>.

Сот практикасының тұрғысында істердің көпшілігінің медиация жолымен шешілуі жәбірленушінің шынайы еркінен тыс болуы мүмкін. Бұл тәсіл – заң шеңберінде рұқсат етілгенімен, моральдық-этикалық тұрғыда даулы болып қала береді.

Жалпы, тұрмыстық зорлық-зом-

<sup>2</sup> «Меры по предупреждению насилия в отношении женщин в Республике Казахстан». Управление по правам человека в Казахстане. 2020 г // URL: <https://www.undp.org/kk/kazakhstan/news/25-karasha-yelderge-katysty-zorlyk-zombilykty-zhoynu-ushin-kurestin-khalykaralyk-kuni> (дата обращения 25.11.2020).

былықпен күресу тек жазалау шараларымен шектелмей, моральдық сана мен мәдениетті қалыптастыруға бағытталған кең ауқымды әлеуметтік саясатпен қатар жүруі тиіс. Қоғамдық мораль мен құқықтық сана үйлесімді дамығанда ғана бұл мәселеге жүйелі түрде тосқауыл қоюға мүмкіндік туады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін бірқатар ұсыныстар мен шаралар қажет:

1. Құқықтық реформалар: зорлық-зомбылықпен күресу үшін тиімді заңдар мен құқықтық механизмдерді енгізу. Мемлекет тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарға қорғаныс қызметтері мен көмек көрсету жүйелерін құру.

2. Әлеуметтік бағдарламалар: отбасындағы зорлық-зомбылықтың себептерін жою үшін әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту. Мысалы, әйелдер мен балаларға психологиялық көмек көрсету, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін әлеуметтік бағдарламалар жасау.

3. Моральдық және ақпараттық шаралар: қоғамды тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зиянды әсерлері туралы ақпараттандыру. Әлеуметтік медиа, мектептер мен университеттер арқылы зорлық-зомбылыққа қарсы шаралар жүргізу.

4. Қоғамдық сананы қалыптастыру: тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қоғамдағы орны мен салдарын түсіндіру, стереотиптер мен кемсітушілікті жою мақсатында қоғамда кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Бұл үшін моральдық және этикалық білімді кеңінен насихаттау қажет.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу – тек заңдық емес, моральдық тұрғыдан да маңызды. Бұл мәселеге жан-жақты және кешенді түрде қарау арқылы ғана шешімге қол жеткізуге болады.

Этикалық тұрғыдан алғанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық тек жеке мәселе емес, бүкіл қоғамның моральдық және мәдени деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Сондықтан оны жою үшін тек заңнамалық шаралар ғана емес, қоғамдық сана мен көзқарасты да өзгерту қажет. Моральдық аспектілер мен отбасылық құндылықтар туралы айтатын болсақ, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуде моральдық принциптердің де рөлі зор. Отбасы махаббат пен сыйластық мекені болуы керек, яғни отбасылық

қарым-қатынастар зорлық-зомбылыққа емес, өзара түсіністік пен қолдауға негізделуі керек. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты айыптайтын және оны әдеттен тыс құбылыс ретінде қабылдайтын қоғамдық пікірдің рөлі қоғам мәдениетінің көрсеткіші ретінде қарастырылады. Зардап шеккендерге жанашырлық таныту маңызды - оларды кінәлау емес, оларды қорғау және көмектесу.

Этикалық және моральдық нормалар тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу үшін келесі шараларды жүзеге асыруды талап етеді: біріншіден, қоғамды хабардар ету – зорлық-зомбылықтың зиянын түсіндіретін тәрбие жұмысын жүргізу.

Екіншіден, құқықтық және психологиялық көмек көрсету – арнайы орталықтар мен сенім телефондары арқылы зардап шеккендерге қолдау көрсету.

Үшіншіден, білім беру жүйесінде отбасылық құндылықтарды ілгерілету – балалар мен жастарды зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетіне үйрету.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық қазіргі қоғамның ең өткір және күрделі әлеуметтік мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығы мен дамуына кері әсерін тигізеді. Зорлық-зомбылықты тоқтатудың құқықтық құралдары болғанымен, проблеманы түбегейлі шешу үшін моральдық-этикалық тұрғыдан кешенді шаралар да қажет [3].

Қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру – әрбір азаматтың міндеті. Ол үшін алдымен зорлық-зомбылықтың ешбір түрін ақтауға болмайтынын түсіндіру керек. Көптеген жағдайларда жәбірленушілер өздерінің жағдайын қоғамнан жасыруға мәжбүр болады, өйткені олар айыптауларға, сөгістерге немесе немқұрайлылыққа тап болады. Бұл көзқарасты өзгерту үшін адамдардың құқықтық және адамгершілік сауаттылығын арттыру қажет.

Отбасы әрбір адам өзін қауіпсіз және сүйікті сезінетін орын болуы керек. Сондықтан зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, ата-аналар мен балаларға психологиялық қолдау көрсету, жастарды отбасылық құндылықтар мен өзара сыйластыққа үйрету басты міндеттер болып табылады.

Оқу орындарында, жұмыс орындарында және бұқаралық ақпарат құралдарында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейту маңызды. Зорлық-зомбылық құрбандарын қолдау – қоғамның этикалық міндеті. Оларға тек заңгерлік, медициналық, психологиялық көмек көрсетіп қана қоймай, моральдық жағынан қорғап, дауысының шығуына жағдай жасау арқылы көмектесу керек. Сондай-ақ зорлық-зомбылық жасаған адамдармен жұмыс істеу және олардың мінез-құлқын өзгертуге бағытталған оңалту бағдарламаларын әзірлеу маңызды.

### Қорытынды

Жалпы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және моральдық аспектілері қоғамның дамуы мен тұрақтылығына теріс әсер ететіні белгілі. Бұл мәселені шешу үшін құқықтық, әлеуметтік және моральдық шаралар кешені қажет. Мақалада ұсынылған шаралар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жоюда маңызды рөл атқарады. Осы шараларды іске асыру арқылы отбасындағы зорлық-зомбылықты азайтып, қоғамда қауіпсіздік пен тұрақтылықты арттыруға болады. Әлеуметтік және моральдық мәселелерді шешу үшін барлық қоғамның бірлескен әрекеті қажет. Осы тұрғыда келесідей ұсыныстарды айтуға болады:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында құқықтық қорғау жүйесін жетілдіру және тиісті заңдарды қабылдау.

2. Қоғамды тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тәрбиелеу үшін ақпараттық және білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру.

3. Моральдық және этикалық нормаларды қоғамда қалыптастыру, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған әлеуметтік шараларды енгізу.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресу – тек заңдық емес, моральдық тұрғыдан да маңызды. Бұл мәселеге жан-жақты және кешенді түрде қарау арқылы ғана шешімге қол жеткізуге болады [4].

Қорытындылай келе, тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес тек заңнамалық шаралармен ғана шектелмеуі керек екенін айта кеткен жөн. Қоғамның әрбір мүшесі зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге бағытталған мәдениетті құруға үлес қосу үшін моральдық-этикалық жауапкершілік-

ті сезінуі керек. Зорлық-зомбылықты заң шеңберінде ғана емес, қоғамдық сана деңгейінде де жоя алсақ, болашақ ұрпақ үшін қауіпсіз әрі әділ қоғам құруға мүмкіндік аламыз.

Қазіргі қоғамдағы зорлық-зомбылық мәселесі тек құқықтық және әлеуметтік шешімдерді ғана емес, этика мен мораль тұрғысынан да терең түсінуді талап етеді. Этикалық нормалар қолайлы мінез-құлқты анықтауда нұсқаулық ретінде қызмет етеді, ал моральдық құндылықтар әрбір адамның жеке жауапкершілігін қалыптастырады. Зорлық-зомбылықпен күресу жеке адамды құрметтеу, жанашырлық, әділдік, өзара көмек сияқты тұрақты моральдық көзқарастарды қалыптастырмайынша мүмкін емес. Зорлық-зомбылықпен күресудің этикалық және моральдық аспектілері адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізі болып табылады. Зорлық-зомбылық адамгершілік принциптерінің деградациясының көрінісі, оған тек адамгершілікке, мейірімділікке, адам өмірін құрметтеуге тәрбиелеу арқылы ғана тойтарыс беруге болады. Зорлық-зомбылықты күшпен басу тек уақытша шешім екенін түсіну маңызды, ал құндылықтарды этикалық тұрғыдан қайта қарау қоғамдағы қарым-қатынастардың мәнін өзгерте алады [5].

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заң» тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күресуде маңызды рөл атқаруда. Заңның негізгі баптары құқық қорғау органдары мен әлеуметтік қызметтерге зорлық-зомбылық құрбандарын қорғау үшін құқықтық негіздер ұсынады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, бұл шаралар қоғамда толыққанды жүзеге аспай отыр. Зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін заңды жүзеге асырумен қатар, қоғамдық сананы өзгерту, құқықтық білім беру және әлеуметтік қолдау жүйесін дамыту қажет.

Осылайша, зорлық-зомбылықтың алдын алуда, бейбіт қатар өмір сүру мәдениетін қалыптастыруда этика мен мораль басты рөл атқарады. Мемлекеттің, қоғамның және әрбір жеке адамның күш-жігерін адамгершілік ұстанымдар негізінде біріктіру арқылы ғана зорлық-зомбылық деңгейін тұрақты төмендетуге және ізгі қоғамды құруға қол жеткізе аламыз.

**Әдебиеттің тізімі:**

1. Диншеев А., Сейткасымов А. Социальные проблемы и пути их решения. Алматы: Казахский университет. 2018. С. 33-35.
2. Қазақбаев С. Народное образование и право. Алматы: Просвещение, 2021. 132 с.
3. Абдукаримова З.Т., Абдраманова Н.К., Қайназарова М.Б. Криминологическая характеристика домашнего насилия в отношении женщин Казахстана // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2023. №4(75). С. 150-157.
4. Профилактика преступлений: учебник / Е.О. Алауханов, З.С. Зарипов. Алматы: Нур-Пресс, 2008. 375 с.
5. Рахметов С.М. Проблемы совершенствования законодательства Республики Казахстан по противодействию семейно-бытовому насилию // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. 2020. №5(63). С. 127-134.

© А.С. Тулебаева<sup>1</sup>, А.А. Кадырбай<sup>2</sup>, 2026

<sup>1,2</sup>«Туран» Университет, Алматы, Қазақстан  
(e-mail: <sup>1</sup>a.tulebayeva@turand-edu.kz; <sup>2</sup>a.kadirybay@turand-edu.kz)

## СОЦИАЛЬНО-МОРАЛЬНЫЙ АСПЕКТ ДОМАШНЕГО НАСИЛИЯ

**Аннотация.** В статье комплексно анализируются социальные и нравственные аспекты бытового насилия. Бытовое насилие является не только нарушением прав личности, но и многогранным явлением, несущим угрозу моральным нормам и семейным ценностям в обществе. В исследовании комплексно рассматриваются виды насилия (физическое, психологическое, экономическое и сексуальное), их влияние на структуру общества и семьи, а также его причины и последствия. Авторы отмечают, что такие факторы, как ослабление моральных ценностей, гендерное неравенство, ролевые стереотипы в семье, несовершенство системы социальной поддержки и слабость правовых механизмов способствуют эскалации бытового насилия. Кроме того, в исследовании анализируется законодательство о противодействии бытовому насилию в Казахстане, его эффективность, взаимодействие социальных служб и правоохранительных органов. В работе показано, что особую роль в профилактике бытового насилия играют нравственное и духовное воспитание, гуманные принципы. Содействие взаимопониманию и уважению в семье, принципы равенства и справедливости в обществе считаются важным способом снижения насилия. Результаты исследования доказывают необходимость уделения внимания данной проблеме со стороны общества и использования комплексных подходов для ее профилактики. В исследовании представлена эффективность законодательных и институциональных мер, направленных на противодействие бытовому насилию в Республике Казахстан, а также пути их совершенствования. Авторы подчеркивают необходимость совместных действий по данному вопросу представителей государства и гражданского общества, средств массовой информации, образовательных организаций и религиозных деятелей. Результаты работы доказывают важность формирования социальных и нравственных стратегий, направленных на профилактику бытового насилия.

**Ключевые слова:** домашнее насилие; этика; мораль; права человека; справедливость; равенство; семейные ценности; социальная ответственность; защита жертв; профилактика насилия.

© A.S.Tulebaeva<sup>1</sup>, A.A. Kadirbay<sup>2</sup>, 2026

<sup>1,2</sup>«Turan» University, Almaty, Kazakhstan  
(e-mail: <sup>1</sup>a.tulebayeva@turand-edu.kz; <sup>2</sup>a.kadirybay@turand-edu.kz)

## ETHICAL AND MORAL ASPECTS OF THE FIGHT AGAINST VIOLENCE

**Abstract.** The article comprehensively analyzes the social and moral aspects of domestic violence. Domestic violence is not only a violation of individual rights, but also a multifaceted phenomenon that poses a threat to moral norms and family values in society. The study comprehensively examines the types of violence (physical, psychological, economic and sexual), their impact on the structure of society and family, as well as its causes and consequences. The authors note that factors such as weakening moral values, gender inequality, role stereotypes in the family, imperfect social support systems, and weak legal mechanisms contribute to the escalation of domestic violence. In addition, the study analyzes the legislation on combating domestic violence in Kazakhstan, its effectiveness, the interaction of social services and law enforcement agencies. The work shows that moral and spiritual education, humane principles play a special role in the prevention of domestic violence. Promoting mutual understanding and respect in the family, the principles of equality and justice in society are considered an important way to reduce violence. The results of the study prove the need for society to pay attention to this problem and use comprehensive approaches to prevent it. The study presents the effectiveness of legislative and institutional measures aimed at combating domestic violence in the Republic of Kazakhstan, as well as ways to improve them. The authors emphasize the need for joint action on this issue by representatives of the state and civil society, the media, educational

organizations and religious figures. The results of the work prove the importance of forming social and moral strategies aimed at preventing domestic violence.

**Keywords:** domestic violence; ethics; morality; human rights; justice; equality; family values; social responsibility; protection of victims; violence prevention.

#### References:

1. Dinsheev A., Seitkasymov A. Sotsialnye problemy i puti ih resheniya. Almaty. Kazahskiy universitet. 2018. S. 33-35.
2. Kazahbaev S. Narodnoe obrazovanie i pravo. Almaty: Prosveshchenie, 2021. 132 s.
3. Abduraimova Z.T., Abdramanova N.K., Kainazarova M.B. Kriminologicheskaya harakteristika domashnego nasiliya v otnoshenii zhenshchin Kazahstana // Vestnik Instituta zakonodatelstva i pravovoi informatsii Respubliki Kazahstan. 2023. №4(75). S. 150-157.
4. Profilaktika prestupleniy: uchebnik / E.O. Alauhanov, Z.S. Zaripov. Almaty: Nur-Press, 2008. 375 s.
5. Rahmetov S.M. Problemy sovershenstvovaniya zakonodatelstva Respubliki Kazahstan po protivodeistviyu semeino-bytovomu nasiliyu // Vestnik Instituta zakonodatelstva i pravovoi informatsii Respubliki Kazahstan. 2020. №5(63). S. 127-134.

#### Авторлар туралы мәліметтер:

**Түлебаева Асем Серикболовна** - хат-хабарларға арналған автор, заң ғылымдарының магистрі, «Тұран» университеті құқық жоғары мектебінің сениор-лекторы, Қ. Сәтпаев көшесі, 16а, 050046, Алматы, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-7184-2403>;

E-mail: [a.tulebayeva@turan-edu.kz](mailto:a.tulebayeva@turan-edu.kz).

**Кәдірбай Айша Әуелбекқызы** - заң ғылымдарының магистрі, «Тұран» университеті құқық жоғары мектебінің сениор-лекторы, Қ. Сәтпаев көшесі, 16а, 050046, Алматы, Қазақстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-0311-8102>;

E-mail: [a.kadirbay@turan-edu.kz](mailto:a.kadirbay@turan-edu.kz).

**Алғыс.** Авторлар сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

**Дәйексөз келтіру үшін.** Түлебаева А.С., Кәдірбай А.Ә. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік-моральдық аспектісі // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2026;81(1): 382-389. DOI – [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2026\\_81\\_1\\_382](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_382).

#### Авторлардың қосқан үлесі:

**Түлебаева А.С.** – кіріспе мен қорытындыны әзірлеу, әдістемені әзірлеу, зерттеу жүргізу, ресурстар, мәтінді дайындау және өңдеу, әдебиеттер тізімін рәсімдеу.

**Кәдірбай А.Ә.** – нәтиже мен талқылауды әзірлеу, әдістемені әзірлеу, статистикалық талдау жүргізу.

**Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат.** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын туралы мәлімдейді.

**Қаржыландыру көзі.** Авторлар зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығын туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 08.05.2025; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 08.09.2025; басып шығаруға қабылданды: 31.03.2026.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

#### Сведения об авторах:

**Түлебаева Асем Серикболовна** - автор для корреспонденции, магистр юридических наук, сениор-лектор Высшей школы права университета «Туран», улица К. Сатпаева, 16а, 0500046, Алматы, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-7184-2403>;

E-mail: [a.tulebayeva@turan-edu.kz](mailto:a.tulebayeva@turan-edu.kz).

**Кәдірбай Айша Ауельбековна** - магистр юридических наук, сениор-лектор Высшей школы права университета «Туран», улица К. Сатпаева, 16а, 0500046, Алматы, Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-0311-8102>;

E-mail: [a.kadirbay@turan-edu.kz](mailto:a.kadirbay@turan-edu.kz).

**Благодарности.** Авторы выражают благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

**Для цитирования.** Тулебаева А.С., Кадырбай А.А. Социально-моральный аспект домашнего насилия // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2026; 81(1): 382-389. DOI – [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2026\\_81\\_1\\_382](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_382).

**Вклад авторов:**

**Тулебаева А.С.** – разработка введения и заключения, разработка методологии, исследования, источников, подготовка и редактирование текста, составление библиографии.

**Кадырбай А.А.** – разработка результатов и обсуждения, разработка методологии, статистический анализ.

**Информация о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

**Источник финансирования.** Авторы заявляют об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию: 08.05.2025; поступила после рецензирования: 08.09.2025; принята в печать 31.03.2026.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи.

**Information about authors:**

**Tulebaeva Assem Serikbolovna** - corresponding authors, Master of Law, Senior Lecturer Higher School of Law «Turan» University, 16a, K.Satpayev Street, 050046, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0001-7184-2403>;

E-mail: [a.tulebayeva@turan-edu.kz](mailto:a.tulebayeva@turan-edu.kz).

**Kadirbay Aisha Auelbekovna** - Master of Law, Senior Lecturer Higher School of Law «Turan» University, 16a, K.Satpayev Street, 050046, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-0311-8102>;

E-mail: [a.kadirbay@turan-edu.kz](mailto:a.kadirbay@turan-edu.kz).

**Acknowledgements.** The authors would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

**For citation:** Tulebaeva A.S., Kadirbay A.A. Ethical and moral aspects of the fight against violence // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2026;81(1): 382-389. DOI – [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2026\\_81\\_1\\_382](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2026_81_1_382).

**Contribution of the authors:**

**Tulebaeva A.S.** – introduction and conclusion development, methodology development, research, sources, text preparation and editing, bibliography compilation.

**Kadirbay A.A.** – results and discussion development, methodology development, statistical analysis.

**Conflict of interest statement.** The authors declares that there is no conflict of interest.

**Funding.** The authors received no specific funding for this work.

Received: 08.05.2025; revised: 08.09.2025; accepted for publication: 31.03.2026.

The authors has read and approved the final manuscript.